

Ж.Б.Карашева<sup>1</sup>, Л.М.Искакова<sup>2</sup>

<sup>1, 2</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі таңда біздің Республикада білім берудің жаңа жүйесі дайындалғын және әлемдік білім беру кеңістігіне еруге батыл қадамдар жасалыну мәселелері көрсетілген. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беруден кейіндегі коммуникативті дағдыларды пайдаланудың мақсаты – шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсетеді. Бала тілінің дамуы өзі қарым-қатынас жасайтын ортасының мұғалімнің басшылығымен ұйымдастырылуына байланысты, сондықтан баланы ең алдымен сөйлей білуге, қарым-қатынас жасауға жаттықтыру қажеттілігі орын алады.

**Түйін сөздер:** коммуникативтік дағды, педагогикалық шеберлік, шығармашылық қабілет, қатысымдылық, жаңартылған білім.

Ж.Б.Карашева<sup>1</sup>, Л.М.Искакова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> КазНПУ имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## РОЛЬ УЧИТЕЛЯ В РАЗВИТИИ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ В РАМКАХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

*Аннотация*

В статье рассматривается вопрос о введении новой системы образования, в связи с этим предпринимаются решительные шаги к интеграции в мировое образовательное пространство. Обновляется содержание образования, возникает необходимость их технологически педагогического совершенствования. Цель использования коммуникативных навыков на уровне образования заключается в том, чтобы привести обучающихся к творческому мышлению, принятию нестандартных решений, к готовности к практическим действиям. Развитие речи ребенка связано с организацией среды общения под руководством учителя, поэтому существует необходимость научить ребенка, прежде всего, говорить, общаться.

**Ключевые слова:** коммуникативные навыки, педагогическое мастерство, творческие способности, коммуникабельность, обновленные знания.

Zh.Karasheva<sup>1</sup>, L.M.Iskakova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan

## THE ROLE OF THE TEACHER IN THE DEVELOPMENT OF COMMUNICATION SKILLS OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS WITHIN THE UPDATED CONTENT OF EDUCATION

*Abstract*

The article is an intensive search for new ways and forms of improving the quality of training of future primary school teachers in the higher education system with sufficiently deep scientific knowledge, research,

pedagogical and methodological skills. The professional training of the future teacher, his pedagogical skills, qualifications, knowledge, intellectual and general culture are considered. The professionalism of a modern teacher is reflected in the fact that he solves communicative problems not intuitively, but consciously, on the basis of psychological and pedagogical laws. Teachers note a low level of individual and personal foundations of communication skills among schoolchildren, which negatively affects the results and quality of their practical, grammatical and external speech skills, constructive communication, subsequent social self-realization and productivity.

**Keywords:** communication skills, pedagogical skills, creativity, communication skills, updated knowledge.

Қазіргі білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған ең басты мәселе – жаңа формацияның жаңа ұстазын қалыптастыру. Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған жолдауында басты мақсатымыз-Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық. Осы жолдауда «Мәңгілік Қазақстан» жобасында Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі-ғылым мен білімге өте үлкен мән берген. Ал оны жүзеге асыратын – ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім. Қазақстандық білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі мен жаңа мазмұндағы жүйесінің басты міндеті – қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді қажет жағдайда пайдалану икемділігін меңгерген, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдайтын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады [1, 356].

Жаңартылған білім беру бағдарламасының міндеттерінің бірі болып: мұғалімдердің бойында жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруды көрсетілген. Яғни мұғалім өз бойында қажетті дағдыларды қалыптастыра отырып, оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін жетілдіреді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берлуі. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқуылымы, жазылымды жетілдіруіне бағытталған. Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Әр дағдының өзіндік ерекшелігі бар [2].

Мұғалімнің сыныпта немесе одан тыс жерде ұйымдастырған кез-келген іс-әрекетінің тиімділігі пәндік технологияны жақсы ойластырумен ғана емес, сонымен бірге студенттермен эмоционалды байланыстарды басқара білуімен, педагогикалық тұрғыдан сәйкес қатынастар жүйесін шығармашылықпен құра отырып, пайда болатын қарама-қайшылықтар мен қақтығыстарды сындарлы шешумен анықталады. Қазіргі заманғы мұғалімнің кәсібилігі оның коммуникативтік мәселелерді интуитивті емес, саналы деңгейде шешетіндігінде, психологиялық - педагогикалық заңдылықтарға негізделгендігінен көрінеді.

Мұғалімдер коммуникативтік дағдының жеке және жеке негіздерінің мектеп оқушыларында қалыптасқан деңгейінің төмендігін атап өтеді, бұл олардың практикалық, грамматикалық және сыртқы сөйлеу дағдыларының нәтижелері мен сапасына, конструктивті диалог құруға, кейінгі әлеуметтік өзін-өзі жүзеге асыру мен өнімділікке кері әсер етеді -, деп есептеймін.

Қазіргі кезде оқытудың тиімді стратегияларына ерекше назар аударылуда. Оқытудың тиімді стратегиялары тілдің коммуникативтік қызметін ескере отырып, оны коммуникативтік танымдық жағынан меңгертуді көздейді.

Педагогқа қойылатын талаптар туралы ағарту саласы бойынша А.В. Луначарскийдің мақалалары мен басылымдарда жарияланған сөздерінен білеміз. 1928 жылы тәрбиешілер мен қоғам қайраткерлерінің мәжілісіндегі сөзінде ол педагогқа жүктелетін жауапкершілік ерекше екенін атап айтқан: «Егер алтын құятын шебер оны бүлдіріп алатын болса, онда оны қайта құюға болады, егер асыл тастар бүлінсе, онда іске алғысыз болып қалады, бірақ ең зор баға жетпес гауһар – өмірге келетін адам. Адамды бұзу ең ауыр қылмыс немесе күнәсіздіктің үлкен күнәсі. Бұл материалмен алдын ала не істейтініңді анықтап нақты, айқын жұмыс істеу керек» дейді [3,166].

Коммуникативтік технологияда тілдік қарым-қатынас алдыңғы орынға шығарылады да, басқа жұмыстар осы бағдарға бағытталады. Қай сыныпта болмасын, оқытудың коммуникативтік мақсаты негізге алынады. Оқулық бағдарламасы оқушылардың өтілген тақырыптарға сәйкес ауызекі сөйлеу дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Коммуникативтік (қатысымдық) әдіс оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым – қатынасы арқылы жүзеге асады.

Коммуникация сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағына білдіре келіп, адамдардың арасындағы қарым- қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді. Осыдан барып «коммуникабельдік», түсінушілік деген сөздер мен ұғымдар пайда бола бастады. Коммуникация – қарым-қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді [4, 7 б].

Коммуникативтік – оқыту процесінің тілдік бағытын білдіреді – ол дегеніміз коммуникативтік әдістемеді «сөйлеу» – тіл дамыту жұмыстарының бір түрі ретінде және қарым-қатынас құралы ретінде үйретудің басты принциптерінің бірі болы табылады деген сөз. Коммуникативтік оқыту қарым-қатынас жағдайларын құруға мүмкіндік береді:

1. Коммуникативтік мотивация
2. Дұрыс бағытта сөйлеу
3. Өзара қатынастың қалыптасуы
4. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы [5, 586].

Коммуникативтік оқыту тілдік әрекетінің барлық түрінде: тыңдауда да, сөйлеуде де, оқығанда да, жазғанда да қалыптасады, өйткені ол оның іске асуын қамтамасыз етеді.

Сөйлеу мәдениетіне негізделген мұғалімнің коммуникативті мәдениеті барлық білім беру жүйесінің әлеуетін, оқушының жеке басының дамуына әсер ету өлшемін анықтайды. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің мазмұны оған бірқатар маңызды талаптарды жүктейді, оны белгілі бір жеке тұлғалық қасиеттерді кәсіби маңызды, қажетті және міндетті түрде дамытуға мәжбүр етеді. Қазіргі уақытта еркін, шынайы мәдени сөзді игеру мәселесі «бұл сөзді өз кәсібінің негізгі құралы ретінде пайдаланатындар үшін, ең алдымен мұғалімдер үшін, олардың сөйлеуі тек кәсіби іс-әрекеттің негізгі құралы ғана емес, сонымен қатар саналы немесе саналы түрдегі үлгі болып табылатын мұғалімдер үшін өте маңызды». Әрдайым бір дәрежеде немесе басқа деңгейде оқылатын, үйренуге болатын, бұл оның сөзсіз қайталанатынын және таралатынын білдіреді».

Коммуникативтіліктің қандай жағдайларда нәтиже беретіндігінде мұғалім аса ерекше рөл атқарады. Сол себепті, оқытудың тиімді әдісін қолдану бізге өз нәтижесін береді. Ол үшін оқушы сөздерді грамматикалық жағынан дұрыс байланыстырған жағдайда еркін сөйлеуіне мүмкіндік алады. Біздің мақсатымыз – оқушыны сөйлеуге, өз ойын анық жеткізуге үйрету. Бұл орайда сөйлеуге үйрету дегеніміз оқушы мен оқушының тілдік қарым-қатынаста өзара тілдесе алуы, яғни өз ойын екінші адамға жеткізе алуы, сөйлеуі, айтуы. Бастауыш сынып оқушысын сөйлеуге үйрету үшін жағдаяттарды келтіруге болады. Оларды мынадай жолдармен іске асыруға болады:

- а) көз алдына елестетіп көр т.б. осындай тапсырма арқылы жағдаяттар құру
- б) жағдаятқа қатысты сурет көрсету, соның көмегімен сөйлеу
- в) күнделікті тіршілікте болып жатқан жағдайға ұқсас нәрселерді сипаттау арқылы сөйлетуге үйрету.

Оқытудың жағдаяттылығы оқушы мен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынасқа негізделген жағдайда ғана сабақ барысында қатынас ситуациясы пайда болады.

Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын арттыруда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану барысында оқыту техникасын дұрыс құру қажет. Сол кезде, оқыту - ғылыми түрде жүзеге асады, яғни мұғалімнің ойында қалай оқыту керек, неге олай оқыту керек деген түсінік болуы тиіс. Оқытудың тиімді стратегиясы арқылы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланыстыру қажет, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет деген сұрақтарға жауап іздейді. Сол кезде, тәжірибелер мен зерттеулер нәтижесі бізге білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау керек екендігін көрсетеді.

Дағдыны меңгеру төрт фазаны қамтиды: 1) жетекші деңгейді анықтау; 2) қимылдың қозғалыстық құрамын анықтау, ол басқа адамның қимылын бақылау мен талдау деңгейінде болуы мүмкін; 3) «осы қимылдарды іштей – өзіндік түйсіну» ретінде сәйкес түзетулерді айқындау. Бұл фаза бірден, секіріс түрінде келеді және көбінесе өмір бойы сақталып қалады (егер жүзуді үйренсең онда мәңгілікке үйренесің), алайда бұл барлық дағдыларға қатысты емес; 4) фондық түзетулердің төменгі деңгейлерге ауысуы, яғни автоматтандыру процесі. Бұл өз кезегінде дағдыны қалыптастыру уақытты талап ететіні белгілі, бірақ ол барлық қоғалыстардың нақтылығын мен стандарттылығын қамтамасыз етуі керек.

Сонымен қатар, мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін теориялық тұрғыдан түсіну мен зерттеуге, коммуникативті дағдыны қалыптастырудың тұжырымдамалық идеяларына арналған жұмыстардың көптігі арасында университеттің кәсіптік даярлауында болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерінің коммуникативті және сөйлеу дағдысын қалыптастыру мәселелері, тиісті теориялық және қолданбалы қамтылмаған және ғылыми зерттеулерге ашық болып отыр[6, 56].

Жаңартылған білім беру аясындағы күнделікті сабақ барысында, бақылау жұмыстарында жиі кездесетін тапсырмалардың бірі- хат немесе эссе жазуға дайындық кезеңінде коммуникативтік технологияны оқытудың кешенді әдістерімен байланыстыра қолдануды жөн санаймын.

Жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз.

Жазылым түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б. Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады: жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері, хабарламалар); қағаз бетіне орналасу тәртібі; ақпараттарды орналастыру реті.

Жаңа тақырыпты меңгеру барысында тыңдалым әдісінің маңызы зор. Бұл арада мәтінмен жұмыс кезеңдерінің жүйесін сақтау шарт. Оқушымен мәтінді жұмыс жүргізгеннен кейін, мәтінді тыңдату арқылы мазмұнын есте сақтау қабілетін арттырамыз.

Сөйлеу барысындағы сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін тыңдау. Мұндағы мақсат-оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру.

Топтық жұмыс барысында (айтылым) оқушылар өзара бір-бірімен тілдесе отырып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтауда бірлесе әрекет етеді, өз ойларын ортаға салады. Тақырыпқа ұқсас мәтіндерді оқу (оқылым), талдауда мәтінге тақырып қою, бірлесе жоспар құру жұмыстары да оқушылардың қызығушылықтарын оятады. Суреттер бойынша ауызша әңгіме құру, жағдаяттарды шешу, оқиға себебін анықтау жұмыстары оқушылардың қиялын дамытып, ойларын сан – саққа жүгіртеді. Бұл жағдайда оқушылар айтар ойын өмірдегі кездесетін оқиғалармен баланыстырады, яғни коммуникативтік дағдыларымен қоса оқушылардың функционалдық сауаттылығын да қатар дамытамыз[7, 36]. Әрине әр мұғалім өз сабағының режиссері болғандықтан, бұл ұсынылған жұмыс түрлерін өз қалауынша таңдап, шартын өзгерте алады: ең бастысы оң нәтиже – оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту. Коммуникативтік дағдыны дамыту барысында оқушының жазу мәдениетін арттыруды да есте сақтаған абзал. Осы жұмыстарды орындау барысында көптеген нәтижеге қол жеткізуге болады, ең бастылары: оқушылардың сөйлеу қабілеттері жетіледі; ойларын жүйелеуге, ашық айтуға үйренеді; өз беттерінше әртүрлі шешімдер қабылдауда жауапкершіліктері мен көшбасшылық қабілеттері артады; шығармашылық қабілеттері дамиды.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым- бастауыш сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан да оқушыларға осы төрт дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор.

Қорытындылай келе, ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, on-line режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

#### *Пайдаланған әдебиеттер:*

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012ж. -35б.

2. Жаңартылған мазмұндағы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысына қосымша. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.

3. Исакова Б.Д. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту// мақала, №4 ЖОББМ, Жезқазған қаласы -2017ж., - 7б.

4. Оразбаева Ф.Ш. (2014 ж), Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер. –: Ан-Арыс, (2009). Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3(43), - 58 б. Алматы

5. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж., 5б.

6. Тулебаева Д.Ж. «Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда оқытудың кешенді әдістерін тиімді қолдану», мақала, 2019ж.

7. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С., Көпбаева Ж.С., Мазибаева Ж.О. «Қазақ тілі» пәні бойынша қазақ тілін деңгейлік оқытудың білім беру стандарты мен бағдарламасы.-Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010.-122б.

МРНТИ 14 .25. 09

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.61>

М.С.Каракулова<sup>1</sup> А.Т.Туралбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»  
Алматы қ., Қазақстан

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ТОЛЕРАНТТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларындағы толерантты қарым-қатынасты дамытудың теориялық-әдіснамалық аспектілері айқындалып, «толеранттылық», «қарым-қатынас» ұғымдарының мәні философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан талданады. Бастауыш сынып оқушыларындағы толерантты қарым-қатынасты дамыту – көп жақты және көп функционалды құбылыс, оның сипаты өзара әрекеттесу екендігі баяндалады.

Мақалада толерантты қарым-қатынас түсінігінің философиялық мәні: мәдениетті мінез-құлық, таным, ойлау әрекеті, ақыл-парасаттылық, қарым-қатынас, белсенділік секілді сапалармен сипатталады. Ал психологиялық және педагогикалық мәні: тұлғаны немесе затты қарсылықсыз, күштеусіз қабылдауға дайындығы және қабілеті деп түсіндіріледі. Бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынасты дамытуды анықтауға арналған диагностика жұмыстары жүргізілді. Анықтау экспериментінде В:В:Бойко әдістемесінің негізінде сауалнама алынып, нәтижесі талданды.

**Түйін сөздер:** толеранттылық, қарым-қатынас, өзара әрекеттестік, төзімділік, толерантты қарым-қатынас, субъект-субъектілі әрекеттестік.

Karakulova M.S.<sup>1</sup>Turalbayeva A.T.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Kazakh national pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>The branch of JSC CRK «Orleu» «Institute for advanced qualifications of teachers in Almaty region»,  
Almaty, Kazakhstan

## SOME PROBLEMS OF DEVELOPING A TOLERANT ATTITUDE IN PRIMARY SCHOOL PUPILS

### Abstract

This article reveals the theoretical and methodological aspects of the development of a tolerant attitude of primary school students, analyzes the philosophical, psychological and pedagogical aspects of the meaning of the concepts "tolerance", "communication". The development of a tolerant attitude in primary school students is a multi-faceted and multi-functional phenomenon, the nature of which consists in interaction. The article describes the philosophical meaning of the concepts of tolerant communication: cultural behavior, cognition, mental action, intelligence, relationships, activity. A psychological and